

helps the revolution with money and regulates the activities of the school, which was opened in the Azerbaijani language. [9, 116].

Among the historical dramas that serve the idea of national freedom, the play "Hokmdar və Kızı" ("The Ruler and His Daughter") by Ilyas Efendiyev, a professional dramatist, has a special place. Here the drama of the time, the contradictory clashes surrounding the reality, the complex collisions are reflected in the art.

The drama «Tənha iydə ağacı» ("Lonely Sucker Tree") (1991) is dedicated to the life of emigrants, the fate of Azerbaijanis living abroad longing for the homeland and the socio-political issues that give rise to this life. These dramas bring to life the literary language of the period in which they were closed.

"On the whole, Ilyas Efendiyev's dramaturgy has its own creative twists and turns, both on the basis of choosing themes and working on them, and often referring to the motives and images that seem closer and necessary to the writer. That is why sometimes the conflict that begins in one of his plays, the series of ideas put forward in another plays, as if it continues, is completed, and thus there is a completeness and connection between the writer's works in terms of ideas, content and style. [5, 515].

Result. The main direction of research in the research work was the mastery of the literary language of Azerbaijani folk writers, the development of the language and style of the drama genre on the basis of their plays, the peculiarities of this genre were identified. The lexical and semantic richness of Akhundov's and Efendiyev's dramatic language is valuable due to its artistic and characterizing factors. The research revealed the skill of playwrights in the use of words, the meaning of words and expressions used in the speech of images and characters, lexical-grammatical, lexical-semantic groups.

References:

1. Abbasova SI Efendiyev's dramaturgy and modernity. BDU, 2007.
2. Akhundov M.F. Works. Volume 2, Baku, 1951
3. Aliyev MI Fundamentals of literary theory. Baku, "Science and Education" publishing house, 2009, 480 p.
4. Allahverdiyev MG Theater criticism and modernity. Baku: Maarif, 1990, 192 p.
5. Azerbaijan Soviet literature. Baku: Maarif, 1988, 543 p.
6. "Baku" evening newspaper, June 3, 1967.
7. Demirchizade A. M.F.Akhundov about language and M.F. Akhundov's language. Baku: Azerbaijan IFC publication, 1941, 42 p.
8. Efendiyev A. Creativity of Ilyas Efendiyev. Baku: Elm, 2000, 310 p.
9. Efendiyev I. Our strange destiny. Plays, memories, novels. Baku, Yazıçı, 1989, 536 p.
10. Efendiyev I. Selected works. Volume II, Baku: Writer, 1984.
11. Efendiyev I. Selected works, in 7 volumes, I-VII volumes, Baku: Chinar-chap, 2002, 448 p.
12. Garayev Y. Ilyas Efendiyev. Baku, "Knowledge" society, 1987, 50 p.
13. Garayev Y. Our stage and contemporaries. Baku, Azerneshr, 1972, pp.117-118
14. Gurbanov A.M. Linguistic analysis of the literary text. Baku, "Nurlan", 2005
15. Kozhevnikova K. Spontaneous oral speech in epic prose. Prague. Karlov University Press, 1970, p. 8
16. Mammadova MI The problem of the hero in Efendiyev's dramaturgy is in the artistic context of the natural existence of man. "Kredo" newspaper, December 31, 2010, p. 6
17. Mammadova Z. Characteristic speech in the literary text. Baku: Elm, 2008, 188 p.
18. Salmanov I. Linguistic and stylistic features of lyric and psychological dramas in Azerbaijani literature (based on the phraseology of the drama of Ilyas Efendiev). Abstract on sois. Scientist. Art. Cand. philol. sciences, Baku, 1983, 23 p.
19. Tahirli A. Nasir and lyrics of the playwright. Literary Newspaper, October 3, 2003, № 38 (3372).
20. Telmangizi A. Peculiarities of literary language and stylistic individuality. "World of Culture", VII issue. Baku: Nurlan, 2003, p. 281- 284
21. Vinogradov V.V. About the language of fiction. M., Goslitizdat, 1959, p. 469

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.14>

Нәбиева Г.С.,¹ Ибраева Ж.К.²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

СУБОРДИНАТИВТИ БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТІЛДІК БӘСЕКЕЛЕСТІК

Аңдатпа

Қостілділік – Қазақстандағы тілдік жағдаяттың негізгі көрсеткіші. Мақалада орыс (бірінші тіл) және қазақ тілдерін (екінші тіл) меңгерген автохтонды этнос өкілдерінің орыс-қазақ қостілділігі қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны интерференция және ұзақмерзімді тілдік қатынастар салдарынан билингвтер

сөйлеуінде көрініс тапқан қателер болып табылады. Мақалада тілдік қатынастар теориясы, билингвизм және интерференция құбылыстарын зерттеудегі әртүрлі көзқарастар сипатталады. Жұмыста қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде насихаттауға бағытталған, интерференцияның жеке және топтық сипаттағы жаңа түрінің пайда болуына түрткі болған және қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаяты мен тілдік саясатын қалыптастырған тілдік үдерістерге шолу жасалады. Мақаланың практикалық бөлімінде интерференттік және узустық сипаттағы қателерді көрсететін тұңғыш парадигматикалық сұрастырым нәтижелері ұсынылады.

Түйін сөздер: тілдік қатынастар, билингвизм, интерференция, тілдік саясат, тілдік жағдаят, узу, парадигматикалық сұрастырым

Nabiyeva G.,¹ Ibrayeva Zh.²

^{1,2}*Al-Farabi Kazakh National university,
Almaty, Kazakhstan*

LANGUAGE COMPETITION IN THE CONDITIONS OF SUBORDINATIVE BILINGUALISM

Abstract

Bilingualism is the main indicator of the current language situation in Kazakhstan. The article deals with the Russian-Kazakh bilingualism of representatives of the autokhon ethnos with the Russian language (first language) and the Kazakh language (second language). The main object of the analysis in this article is the errors that appear in the speech of bilinguals due to interference and long-term language contacts. The article describes various approaches to the study of the theory of language contacts, the phenomenon of bilingualism and interference. The paper provides an overview of the linguistic processes that have shaped the linguistic situation and linguistic policy of modern Kazakhstan, aimed at promoting the Kazakh language as the state language in the 21st century, which served as an impetus for the emergence of a new type of interference in both individual and group bilingualism. The results of a pilot paradigmatic survey are presented in the practical part of the article that demonstrates the presence of errors of an interference and conventional nature.

Keywords: language contacts, bilingualism, interference, language policy, language situation, usage, paradigmatic survey

Нәбиева Г.С.,¹ Ибраева Ж.К.²

^{1,2}*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ЯЗЫКОВАЯ КОНКУРЕНЦИЯ В УСЛОВИЯХ СУБОРДИНАТИВНОГО БИЛИНГВИЗМА

Аннотация

Двуязычие – основной показатель сложившейся языковой ситуации в Казахстане. В статье рассматривается русско-казахское двуязычие представителей автохтонного этноса с русским языком (первый язык) и казахским языком (второй язык). Основным объектом анализа в данной статье являются ошибки, проявляющиеся в речи билингвов вследствие интерференции и длительных языковых контактов. В статье описаны различные подходы к исследованию теории языковых контактов, явления билингвизма и интерференции. В работе осуществлен обзор языковых процессов, сформировавших языковую ситуацию и языковую политику современного Казахстана, направленных в XXI веке на пропаганду казахского языка как государственного, которые послужили толчком для возникновения нового типа интерференции как в индивидуальном, так и в групповом билингвизме. В практической части статьи представлены результаты пилотного парадигматического опроса, демонстрирующие наличие ошибок интерферентного и узуального характера.

Ключевые слова: языковые контакты, билингвизм, интерференция, языковая политика, языковая ситуация, узу, парадигматический опрос

Кіріспе. Қай заманда болмасын әртүрлі қоғам өкілдері бір-бірімен әлеуметтік, мәдени, экономикалық және т.б. қатынасқа түсіп отырған. Адамдардың өзара қатынасқа түсуі олар сөйлейтін тілдердің де қатынасқа түсуіне алып келері сөзсіз. Тіл білімінде тілдік қатынас негіздері көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған. Бүгінгі таңда белгілі бір геосаяси кеңістіктегі тілдердің байланысын зерттеуге арналған “тілдік қатынастар лингвистикасы”, “лингвистикалық контактология” сияқты жаңа парадигмалар пайда болып отыр. Тілдік қатынас ұғымы кең мағынада келесідей құбылыстардың өзара байланысын қамтиды: а) диалектілер мен наречиелердің әрекеттесуі; ә) бір тілдің түрлі әлеуметтік топтар қолданатын нұсқалары арасындағы байланыс; б) туыстас тілдердің қатынасы; в) туыстас емес, құрылымы жағынан әртүрлі тілдердің қатынасы [1, 27].

Тілдік қатынас – бұл әртүрлі тілдердің (немесе бір тілдің әртүрлі диалектілерінің) сөйлеушілерінің бір-бірімен өзара әрекеттесуін, тілдік белгілердің бір тілден екінші тілге берілуін сипаттайтын әлеуметтік-тілдік құбылыс. Ағылшын тілі және оның тарихына байланысты көптеген еңбектердің авторы Стэфан Грэмлидің пайымдауынша “тілдік қатынас – тілдің өзгеруінің негізгі факторы”. Бір тілдің басқа тілдермен және бір тілдің бірнеше диалектілерінің қатынасы балама айтылымдардың, грамматикалық құрылымдар мен лексиканың қайнар көзі болып табылады. Ұзақмерзімді тілдік қатынас әдетте қостілділікке немесе көптілділікке әкеледі [2].

Негізінен, тіл білімінде тілдік қатынас, билингвизм сияқты құбылыстардың аражігі әлі күнге дейін даулы деуге келеді. Екі не одан да көп тілдердің қатынаса түсу салдарынан бір тілдік жүйенің екінші тілдік жүйеге әсер етуін сипаттау үшін аталмыш терминдер жарыспалы қолданылып келеді. Тілдік қатынас терминінің анықтамасы жылдар бойы біршама өзгерістерге ұшырады. Ж. Багананың пікірінше, тілдік қатынас дегеніміз жеке тұлғаның тілдік санасы мен тілдік қауымдастықта тілдердің қатар өмір сүріп, өзара әсер етуі [3, 167].

А.Е. Карлинский тілдік қатынастар мен билингвизмді “тілдердің өзара әрекеттесуінің екі түрлі аспектісі” ретінде ажыратуды ұсынады. Ғалым қандай жағдайда тілдердің қатынаса түсетіндігін келесідей анықтайды: егер А тілінде жасалған сөйлеу В тілінің элементтерін қамтыса немесе керісінше, В тіліндегі сөйлеу А тілінің элементтерін қамтыса, сонымен қатар, егер А тілінің элементтері В тілінің жүйесіне енсе және керісінше жағдай орын алғанда. Тілдік қатынастар мен билингвизм бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, ұғымдардың мағынасы әртүрлі. Тілдік қатынас кезінде әрдайым билингвизм орын алады, бірақ тілдік қатынастар жоқ кездің өзінде билингвизм көрініс табуы мүмкін [4, 97].

Берілген мақалада билингвизмді тілдік қатынастың нәтижесі ретінде қарастырғанды жөн санаймыз. Қазіргі кезде мамандар арасында билингвизмді анықтау мәселесінде консенсус жоқ, билингв деп кім саналуы керек екендігі туралы пікірталас әлі де бар. “Қостілділік жөніндегі анықтамалыққа” сәйкес қостілділік қазіргі әлемдегі өмірдің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мәселен, әлемнің 5000-ға жуық тілінде әлемнің 200 мемлекетінде ғана сөйлейді (немесе бір мемлекетке 25 тілден), сондықтан әлемнің көптеген елдерінің азаматтары арасындағы қарым-қатынас кемінде екі тілде жүзеге асады. Британдық лингвист Д. Кристалдың бағалауы бойынша әлемдегі балалардың үштен екісі екі тілді ортада өседі [5, 742]. Әлемнің барлық дерлік елдерінде аталған феноменнің орын алуы бұл мәселенің тіл білімінде қашан да өзекті болуына әкеледі.

Тіл білімінде билингвизм туралы тар және кең түсінік бар. Билингвизм тар мағынасында (В.А. Аврорин мен М. Паради сынды ғалымдардың пікірінше) жеке тұлғаның екі тілді меңгеруі және екінші тілді өз ана тілі дәрежесінде меңгеруі дегенді білдіреді. Билингвизмді түсіндірудегі кең түсінік екі тілді меңгеру деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтардың болуын білдіреді. А.А. Метлюктың айтуынша, билингвизм екі тілді жеке және ұжымдық меңгеру. Бұл ретте екінші тілді меңгеру әртүрлі деңгейге ие болуы мүмкін – бастапқы деңгейден толық және еркін деңгейге дейін [6, 105].

Тілдік қатынас пен билингвизмнің нәтижесінде аталғандармен тығыз байланысты интерференция құбылысы орын алады. Тілаларлық интерференция ұғымы тілдік қатынастар теориясынан бастау алады, бұл құбылыс ондаған жылдар бойы тіл білімі саласында ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық циклдің басқа да пәндерінде де өзекті болып табылады. Тілдік қатынастың кез келген түріне тән және тілаларлық интерференцияның қайнаркөзі болып табылатын тілдік жүйелердің өзара әсері тілдің барлық деңгейлерінде көрінеді [7, 83]. Ғалымдардың бір тобы тілдік қатынас салдарынан билингвизм орын алып, оның салдарында интерференция пайда болады деген пікірді ұстанса, екінші бір тобы тілдер қатынаса түскендіктен интерференция орын алып, одан кейін билингвизм, яғни қостілділік орын алады деген пікірді білдіреді. Біздің пайымдауымызша, бұл екі пікір де дәлелдеуді қажет етеді. Себебі, халықтардың қатынасының нәтижесінде тілдер де қатынаса түседі, оның нәтижесінде жеке тұлғалар өз ана тілімен қатар, екінші тілді, шет тілін меңгере бастайды. Сәйкесінше, шет тілінде сөйлеу тудыру кезінде ана тілінің тілдік жүйесі әсер етеді. Яғни, бірінші интерференция орын алады деуге болады. Екінші жағынан алып қарасақ, ана тілі шет тіліне немесе екінші тілдегі сөйлеуге әсер етуі үшін жеке тұлға ол тілде сөйлеу алуы керек, яғни бірінші билингвизм орын алады.

Интерференцияны анықтауда екі түрлі көзқарас бар. Егер бірінші жағдайда лингвистерді нормалардан ауытқулар, сөйлеу кезіндегі қателердің барлық түрлері қызықтыратын болса, екінші жағдайда бұл ұғым кірігу және субстрат құбылыстарын қамтиды. Ғалымдардың бір тобы интерференцияны лингвистикалық нормалар тұжырымдамасы арқылы анықтауға бейім. Осы орайда В.Ю. Розенцвейг интерференцияның тікелей және жанама деген түрлерін ажыратуды ұсынады. Тікелей интерференция нақты көзге көрінетін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қателердің орын алуы арқылы көрінсе (тілдік жүйе және норма деңгейіндегі ауытқулар), жанама интерференция меңгеріліп жатқан екінші немесе шет тіліне тән формаларды қолданбай, сөйлеуді идиомалықтан айыру күйінде көрініс табады (узус деңгейіндегі ауытқулар). Нормативтік грамматика тұрғысынан тікелей интерференция қателермен байланыстырылса, жанама интерференция негізінен, стилистикалық нормадан ауытқуларға қатысты түсіндіріледі [8, 49].

Берілген мақалада субординативті билингвизм жағдайындағы тілдік бәсекелестік, дәлірек айтқанда, оның салдарын пайда болған интерференция қарастырылады. Қостілділіктің бұл түрі билингв тұлғаның бір тілінің (ана тілі) үстемдік етіп, екінші тілді төмендеу дәрежеде меңгеруін білдіреді. Қостілді тұлғалардың көпшілігінде екінші тіл немесе шет тілі бағыныңқы сипатта болғандықтан, субординативті билингвизм қостілділіктің кең тараған түрі болып табылады. Зерттеу нысаны саналатын интерференция билингвтер сөйлеуінде орын алған

узуз деңгейіндегі қателер күйінде көрініс тауып отыр. Норманың жылжымалы сипатын ескерер болсақ, бүгінгі узустық сипаттағы қазақ тілінің тілдік жүйесіне сәйкес келмейтін қателер келешекте нормаға айналуы мүмкін деген болжам аталмыш тақырыпқа қызығушылық тудырып, мәселенің өзекті екенін көрсетеді. Мақаланың негізгі бөлімінде интерференцияның туындауына түрткі болып тұрған еліміздегі орыс-қазақ қостілділігінің алғышарты болып табылатын факторлар сипатталып, парадигматикалық сұрастырым нәтижесінде алынған мысалдар талданады.

Әдістеме. Мақала шартты түрде теориялық және практикалық екі бөлімнен тұрды. Теориялық бөлімде тілдік қатынастар, билингвизм, интерференция, тілдік саясат сияқты мәселелерге шолу жасалды. Зерттеу әдістері негізінен практикалық бөлімде көрініс тапты. Зерттеу барысында билингвтер сөйлеуіндегі қателерді жинақтау және талдау үшін материалдарды жаппай жинақтау, сұрыптау, пассив байқау, қателерді тіркеу, салғастыру әдістері қолданылды. Зерттеу әдістемесінің негізі ретінде парадигматикалық сұрастырымды қарастыруға болады. Аталмыш сұрастырым мәліметтерді жинақтау әдісінің бір тәсілі болып табылады. Парадигматикалық сұрастырым көбінесе сөз тұлғасының өзгеруін немесе сөзжасамды зерттеу мақсатында жүргізіледі. Аталған сұрастырымның ерекшелігі, парадигматикалық сұрастырым барысында респондентке белгілі бір жолмен өзгертілген немесе арнайы жасалған сөйлемдердің дұрыстығын тексеруді, кейбір контексттерді жалғастыруды, бір тілден зерттелетін екінші тілге аударуды және т. б. ұсынуға болады. Парадигматикалық сұрастырым көмегімен алынатын нәтижелердің шынайылық дәрежесі жоғару болып келеді деп айтуға болады. Өйткені, арнайы берілген тапсырмалардың нәтижесіне қарай зерттеуші респонденттің тілдік мүмкіндігін нақты зерттей алады.

Нәтижелер. *Қазақстан аумағындағы орыс-қазақ қостілділігі.* Еліміздегі этностардың алуантүрлілігі республика территориясында бірнеше тілдердің қатынасқа түсуіне әкелді. Елімізге көпмәдениеттілік пен көптілділік тән болғанымен, қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде қазақ және орыс тілдері сипатталады. Бүгінде қостілділік республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады. Тілші ғалымдардың аса назар аударатын мәселелерінің бірі қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділіктері. Қазақ-орыс қостілділігін орыстандыру саясатымен байланысты Қазақстан және Ресей қазақтарына тән кең өріс тапқан тілдік құбылыс деп анықтайды. Бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған орыс-қазақ қостілділігі, керісінше, қазақ тілінің жаппай меңгерілуімен байланысты құбылыс. Тілдік саясаттың бағыты мен мазмұнының өзгеруі еліміздегі этностық қазақтардың сөйлеуінде біршама ерекшеліктер туғызды.

Қазақстан халқы ассамблеясының XVII сессиясында ҚР Тұңғыш президенті, елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылға қарай халқымыздың 80%-ы, ал 2020 жылға қарай халқымыздың 95%-ы мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс деген мақсат қойылғандығы туралы айтты. Ағымдағы жылдың 5 қаңтарында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” атты мақаласында “Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты” делінген [9].

Әрине, қазақ тілі жылдар бойы осындай мәртебеге ие болған жоқ. Қазақстан аумағында қазақ тілінің мемлекеттік тіл категориясына көтерілместен бұрын алуан түрлі тілдік жағдаяттар орын алды. Қазіргі таңда көптеген қазақстандықтардың қазақ тілін білмеуі немесе төмен дәрежеде білуі ең алдымен, өткен ғасырда орын алған кеңестік орыс тілін жаппай меңгертуге бағытталған тілдік саясаттың салдары болып табылады.

Қазақ кеңестік социалистік республикасында (ары қарай Қазақ КСР) орыстандырудың негізгі себебі ұлттық құрамның өзгеруімен байланысты болды. Байырғы халық пайызының күрт төмендеуі, Қазақ КСР-ін индустрияландыру барысында басқа республикалардан қоныс аударушылардың келуі, халықтар депортациясы, тың игеру барысында басқа республикалардан қоныс аударушылардың келуі қазақ ұлттық құрамының азаюына себеп болды. Қазақстандағы орыстандыру қазақ-орыс қостілділігінің жаппай таралуына әкеп соқты. 1970 жылға қарай қазақтардың 42% - ы орыс тілін еркін меңгерген болды. 1959 жылы қазақтар республика халқының шамамен 30% -ын құрады, 1962 жылға қарай қазақтардың үлес салмағы 28,9%-ға дейін төмендеді (славян халықтары - 57 %). Дәл осы уақытта ел халқын ассимиляциялау саясаты өзінің шарықтау шегіне жетті. Славян халықтарының қоныс аударуы нәтижесінде (негізінен орыс ұлты) 1996 жылға дейін қазақтар республикадағы этникалық азшылық болды. Мұндай жағдайда қазақ тілі өз позициясын барған сайын жоғалтып, тіпті оқу орындарында міндетті емес болды [10, 17].

Аталған жайттардың барлығы этностық қазақтардың қазақ тілін жеткілікті дәрежеде меңгеруіне кедергі болды. Орыс тілінің барлық салада үстемдік етуі қазақ тілін екінші рөлге ауысуына мәжбүрледі. Осы кезеңдерде орын алған қазақ-орыс қостілділігі қазақстандыру саясатының орын алуымен әлсірей бастады.

1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСР-інде қабылданған Тіл туралы заңда “мемлекеттік тіл” ұғымы енгізіліп, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді, орыс тіліне де-юре “ұлтаралық қатынас тілі” мәртебесі берілді.

2007 жылы мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан азаматтарының саны шамамен 70 % -ға жетті. 2011 жылғы 4 тамызда Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мемлекеттік органдарға өтініштер

(шағымдар) және жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне және басқа құжаттарға мемлекеттік органдардың жауаптары, бухгалтерлік, статистикалық, қаржылық, техникалық және өзге де құжаттаманы мемлекеттік жүйеде жүргізетіндігін көрсететін заң жобасын дайындады. Қазақстан Республикасының органдары, сондай-ақ мемлекеттік органдардан келетін барлық құжаттар қазақ тілінде болуы керек. Заңды тұлғалардың атаулары Заң қабылданған күннен бастап тек қазақ тілінде берілуі керек. Білім беру саласында қазақ топтары мен сыныптарының саны кем дегенде 50% құрауы керек (балабақшаларда, мектептерде, кәсіптік лицейлерде, жеке меншік болып табылатын жоғары, орта және орта арнаулы оқу орындарында) [11].

Арнайы жүргізілген тілдік саясаттың нәтижесінде аз уақытта қазақ тілі белсенді түрде қоғам өмірінің көптеген салаларына ене бастады. Іс қағаздар жүргізу, ғылым және білім саласында, жергілікті басқару органдары мен басқарушы билік жұмысында қазақ тілі мәртебесі жоғары жылдамдықпен көтеріле бастады. Мұның барлығы қазақ тілінің дамуына игі ықпал жасады және соның нәтижесінде орыс-қазақ қостілділігі пайда болды.

Жалпы алғанда Қазақстан территориясында жылдар бойы қазақ және орыс тілдік қатынасы орын алып келеді. Аталған тілдік қатынастың салдарынан көптеген қазақстандықтар орыс тілін жетік меңгерген, орыс тілінде сөйлей алмаймын дегеннің өзінде орыс тілінің элементтерін араластырып сөйлеу қазақстандықтар тілінде байқалады. Оның себебі де айқын. Бұл мәселе тілші ғалымдардың назарынан тыс қалған емес.

Біздің жағдайымызда, зерттеу жұмысының негізгі нысанына орыс-қазақ қостілділігі алынды. Орыстандыру саясатының нәтижесінде қазақ ұлтының өкілдері арасында ана тілі немесе бірінші тілі қызметін орыс тілі атқаратын тұлғалар бар. Зерттеу жұмысында респондент ретінде орыс тілінде таза сөйлейтін, қазақ тілін жеткіліксіз дәрежеде меңгерген қазақ этносының өкілдері таңдалды. Тілдік саясаттың жаппай қазақ тілін меңгертуге бағытталуына байланысты бұл тұлғаларда қазақ тілінің тілдік жүйесін меңгеру үлкен жылдамдықпен жүзеге асты деуге болады. Айта кететін жайт, аталған қостілділер екінші тілді, яғни қазақ тілін мақсатты түрде оқу орнында емес, табиғи тілдік ортада меңгерді. Жоғарыда аталған түрлі факторларға, тіл үйрену уәждемесінің жоғары болуына және тілді қысқа мерзімде меңгеру тура келуіне байланысты қазақ тілі екінші тіл (арқы қарай T2) болып табылатын этностық қазақтар тілінде олардың бірінші тілі орыс тілінің қазақ тіліндегі сөйлеуге әсерінен көрінетін интерференция қалыптаса бастады. Анықталған құбылыстар тілдік нормаға бағынбайды, бір қарағанда оларды жай ғана қате деуге болады. Алайда, зерттеу барысында анықталған қателер үнемі қайталанып отырды және респонденттер сөйлеуінде кездесу жиілігі жоғары болды.

Парадигматикалық сұрастырым нәтижелері

Парадигматикалық сұрастырым билингвтер сөйлеуіндегі узустық құбылыстарды анықтауға бағытталған. Сынақ сұрастырымның респонденттері ретінде қазақ тілі бірінші және қазақ тілі екінші тіл болып саналатын филолог билингв қазақтар таңдалды. Респонденттер шартты түрде екіге бөлінді: қазақтілділер, яғни қазақ тілі бірінші тіл және орыстілділер, яғни қазақ тілі екінші тіл болып саналатын билингв қазақтар. Берілген мақалада қазақтілді және орыстілді респонденттер жауаптары салыстырылмайды, тек қана орыстілді қазақ ұлтының өкілдері сөйлеуінде кездесетін интерференция нәтижесінде орын алған қателер сипатталып, түсіндіріледі.

Сұрастырым үш бөлімнен тұрды. Бірінші төлқұжаттық бөлімде респонденттердің жасына, жынысына, ұлтына, мамандығына, жұмыс орнына, тұрғылықты мекенжайына қатысты сұрақтар берілді. Аталған сұрақтар сауалнама нәтижелерін талдау барысында респонденттің тілдік портретін жасауда аса маңызды.

Сұрастырымға жалпы саны тоғыз респондент қатысты: қазақ тілі бірінші тіл болып табылатын бес респондент және қазақ тілі екінші тіл болып табылатын төрт респондент.

Жас ерекшеліктері бойынша 35 пен 62 жастағы респонденттер қатысты. Информант ретінде орта жастан жоғары тұлғалардың таңдалуы олардың кенестік дәуірдегі Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстанның тілдік саясаты мен тілдік жағдаятын бастан кешіруінде. Яғни, таңдалған респонденттердің бір жартысы бала кезден қазақша сөйлейтіндер, екінші жартысы орыс тілді, алайда қазақ тілін табиғи тілдік ортада қажеттілік салдарынан меңгерген билингв қазақтар.

Респонденттердің барлығы Алматы қаласының тұрғындары. Қостілділік айқын көрініс тапқан еліміздің ең үлкен қаласы болғандықтан, таңдау Алматы қаласына түсті.

Сұрастырымның екінші бөлімі респонденттердің тілді меңгеру дәрежелерін анықтауға арналған сұрақтардан тұрды. Сауал парақтарында *қаниа тілде сөйлейсіз; қай тілде білім алғансыз (мектепте, орта білім және жоғары білім); отбасында қай тілде сөйлейсіз; жұмыста қай тілде сөйлейсіз және неліктен; ең жиі қай тілде сөйлейсіз* сұрақтары берілді.

Сұрастырымның үшінші бөлімі екі бөлімшеден тұрды. Бірінші бөлімшеде келесі сөздер мен сөйлемдер беріліп, оларды қазақ тіліне аудару сұралды: *Спасибо, что разделили с нами эту радость; Это очень смешно; Желаю Вам прожить счастливую жизнь; Я думаю, что это не важно; Не оскорбляйте его, пожалуйста!; Он уже поел; Я искренне благодарен за предоставленную возможность!; Почему вы опоздали на урок?; Она сказала, что не придет; смешной, смешно; возможность, возможно; оскорблять; выступить, произносить речь.* Дәл осы сөйлемдер берілуінің өз уәждемесі бар. Өйткені, зерттеудің бас кезінде жүргізілген байқау барысында билингвтер сөйлеуінен тіркелген қолданыстар арасында осы мысалдардың қазақша нұсқасы бойынша қателер жиі кездесті.

Бірінші тілі орыс тілі болып табылатын билингвтердің жауаптарына тоқталып өтейік. Айырмашылық көп емес. *Она сказала, что не придет* деген сөйлемді *келмеймін, деді; келмеймін, деп айтты* деп аударған. Бұл

сөйлемді бірінші тілі қазақ тілі болып табылатын билингвтер қазақша аударғанда *ол келмеймін деді; ол келмейтінін айтты* деп дұрыс аударған. Ал, орыстілді билингвтер жауабында есімдіктің жоқ екендігін және етістіктен кейін үтірдің қойылғанын көреміз. Мұның себебі орыс тілінде «косвенная речь» түзу барысында, міндетті түрде үтірдің қойылуымен байланысты болуы мүмкін. Мұнда интерференция іздері байқалып тұр.

Почему вы опоздали на урок сұраулы сөйлемінің аудармасы да назар аударуды қажет етеді. Себебі, орыс тілді билингвтер жауабының барлығы *неге сабаққа кешіктіңіз?; неліктен кешігіп келдіңіз сабаққа?; не үшін кешіктіңіз сабаққа?* сияқты болды. Бұл жауаптарда сұрау мәніндегі сөздің бірінші тұрғанын көруге болады. Алайда, қазақ тілінде сөйлем прагматикасына қатысты болмаса, сұрау мәнді сөздер сөйлем басында келмейді. Сұраулы сөйлем жасау барысында қазақ тілінде сұрау мәнді сөз бастауыштан кейін немесе баяндауышқа дейін тұрады. Мұнда да респонденттің бірінші тілі, яғни орыс тілі, оның екінші тілі қазақ тіліне әсер етіп тұр.

Я искренне благодарен за предоставленную возможность сөйлеміне орыстілді респонденттердің екеуі жауап бермеген, қалған екі респондент берілген мүмкіндікке алғыс білдіремін, осы мүмкіндікке алғыс айтамын деп жауап берді. Салыстырмалы түрде екінші топтың респонденттері берген жауаптарға назар аударайық, *ұсынылған мүмкіндік үшін Сізге шын жүректен алғыс білдіремін, маған берілген осы мүмкіндік үшін шын жүректен алғыс білдіремін; бұл берілген мүмкіндік үшін мың алғыс, мүмкіндік бергеніңізге алғысым шексіз.* Екі топ респонденттерінің жауаптарынан билингвтердің тілдерді меңгеру дәрежелерін аңғару қиын емес. Қазақ тілі Т2 болып табылатын респонденттер жауаптары стилистикалық тұрғыда қате құрылған: *мүмкіндік үшін бірлігінің* орнына *мүмкіндікке* деп қолданылған.

Үшінші тараудың екінші бөлімшесінде респонденттерге төрт сурет беріліп, оларды бір-екі сөйлеммен қазақ тілінде сипаттау сұралған. Қазақ тілі Т2 болып табылатын респонденттердің тек біреуі ғана жауап берген. Оның себебі айқын деп ойлаймыз. Берілген бір жауаптың өзінде орыс тілінің тілдік жүйесінің әсерінен орын алған қате кездесті. Мысалы, ер адамның тамақ ішіп отырған сәті бейнеленген суретті сипаттауда респондент *тамақты жеп отыр* деген жауап болды. Қазақ тілінде дұрысы *тамақ ішіп отыр* немесе *ас ішіп отыр* болуы керек еді. Негізінен, байқау барысында осы іспетті қателер өтек көп кездесті (мыс. домбыраны тарту, әнді айту, сөзді есту). Аталмыш қатені келесідей түсіндіруге болады. Табыс септікті тура толықтауышты меңгеру немесе меңгере алмау қасиетіне қарай етістіктер салт және сабақты болып бөлінеді. Жалпы алғанда тілімізде бір етістіктің бірде салт, бірде сабақты мәнде қолданылуы заңды құбылыс. Салт және сабақты етістіктердің тұлғалық жағынан айырмасы жоқ, негізгі ерекшелік етістіктің ішкі мағыналық құрылымында. Етістіктің салт не сабақты болуы мағыналарының нысанға бағытталуына байланысты болғандықтан, салт етістік сабақты етістікке, керісінше, сабақты етістік салт етістікке айнала алады. Алайда, жоғарыда айтылған қателер тек салт немесе сабақты етістіктің ережесінің сақталмауынан туындап тұрған мәселе емес. Қазақ тілінде зат есім және етістік тіркесінен құралатын күрделі етістіктер бар. Екі компоненттен құралғанымен аталмыш сөздер бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Анықталған қателердің себебі осы мәселеге қатысты деп ойлаймыз. Мәселен, *домбыра тарту, ән айту, сөз есту* деген қолданыстарға нені тартты, нені айтты, нені естіді деп емес, не істеді деген бір ғана баяндауыштың сұрағын қоямыз. Сол себепті, етістіктің алдындағы зат есімнің табыс септік формасында тұруы қажет емес. Бұл жердегі қателіктің кездесуіне орыс тілінің әсері болуы мүмкін. Он поел курицу, она спела песню деген сияқты мысалдарда етістіктен кейін тұрған сөздердің винительный падеж, яғни табыс септігінде тұрғанын көреміз. Респондент орыс тілінің заңдылықтарын жетік меңгергендіктен, қазақ тіліндегі сөйлеуінде сол тілдік жүйенің ережелерін қолданып тұр деп айтуға болады.

Аталмыш тапсырмаларды орындауда екі топтағы респонденттердің берген жауаптары ұқсас. Қазақ тілі басым топ та, орыс тілі басым топ та салыстырмалы түрде ұқсас жауаптар берген. Барлық сөйлемдер барынша дұрыс аударылған. Орыстілді қазақтардың жауаптарында да айтарлықтай қате кездеспеді. Дегенмен, бұған дейінгі байқау әдісі арқылы жүргізген зерттеу барысында бірінші тілі орыс тілі болып табылатын билингв қазақтардың сөйлеуінде нормативті қазақ тілінің ережелеріне бағынбайтын, узустық сипатқа ие қолданыстар көп кездескен. Сауалнама жазбаша жүргізілді, ал жазбаша сөйлеу барысында адамның сөйлеуі барынша дұрыс болып келетіні мәлім. Себебі, жазу барысында ойлануға, дұрыс сөйленіс тудыруға уақыт беріледі.

Талқылау. Психология тұрғысынан алғанда интерференция жеке тұлғаға өзінің ақыл-ойы мен сөйлеу мүмкіндігін бейтаныс жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін дағдыларды ауыстыру қабілеті ретінде түсіндіріледі. Жалпы алғанда, кез келген адам жаңа бір дағдыны игеру барысында өзінің бұрынғы дағдыларынан, тәжірибесінен оқшаулана алмайды. Яғни, жаңа бір әрекетті жасауда оның бұрынғы тәжірибесі көмектеседі немесе кедергі келтіреді. Сол сияқты интерференция кезінде де бұрын меңгерілген тіл жаңа меңгеріліп жатқан тілге әсер етуі заңды құбылыс. Интерференцияның жағымды немесе жағымсыз деп ажыратылатыны да осы себептен. Кейбір ғалымдар интерференция жаңа тілді меңгеруде септігін тигізеді десе, енді бір ғалымдар керісінше кедергі болады деп есептейді. Шын мәнінде, интерференция билингв тұлғаға қазақша сөйлеуде қате жіберуіне итермелесе, кей жағдайларда бірінші тілдің тілдік жүйесін меңгергендігі, тұлғаның тілдік түйсік, тілді сезу қабілеттері сабақтаса отырып, тұлғаға екінші немесе шет тілін меңгеруге мүмкіндік береді. Біздің зерттеуімізде де осы жайттар байқалды. Тұңғыш парадигматикалық сұрастырымның респонденттері филолог мамандар болғандықтан, олардың сөйлеуінде басқа мамандық өкілдеріне қарағанда қате аз болары сөзсіз. Себебі, олар тіл маманы ретінде тілдік заңдылықтарды, тілдердің типологиялық және

генеологиялық, ареалдық ерекшеліктеріне байланысты ортақ ережелерді меңгерген тұлғалар болып табылады. Келешекте сұрастырым кеңейтіліп, барлық мамандық өкілдерін қатыстыру жоспарда бар.

Қорытынды. Қазақстан территориясында тарихи факторларға байланысты қазақ және орыс тілдік қатынасы орын алғаны белгілі. Аталған тілдік қатынастар нәтижесінде еліміздің азаматтарының көбі қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген. Ал, қазақ азаматтарының бір тобы дәл осы себептерге байланысты қазақ тілін мүлде білмейді немесе төмен дәрежеде білетіндіктен, мемлекетте орыс-қазақ субординативті қостілділігі байқалады. Жылдар бойы жалғасқан орыс тілінің экспансиясы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін алған сәттен бастап әлсірей бастады. Тәуелсіздік жылдарынан бастап мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған тілдік саясаттың нәтижесінде елімізде орыстілді тұлғалардың қазақ тілін меңгеруімен сипатталатын орыс-қазақ қостілділігі орын алды. Зерттеу мақсаты барлық орыстілді азаматтардың емес, нақты орыс тілі басым болып келетін қазақ ұлтының өкілдерінің сөйлеуін қарастыру болды. Себебі, тілдік қатынастардың қостілділіктің нәтижесінде орын алатын интерференция құбылысы зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз. Аталмыш зерттеу нысанының маңызын арттыратын факт, орыстілді билингв тұлға деп автохтонды этнос өкілдері алынып тұр. Сөзсіз, қазақ тілінің қазіргі мәртебесі тек қазақтардың ғана емес, жалпы қазақстандықтардың арасында өте жоғары. Қазіргі кезде қазақ тілін білмейтін азаматтар саны азаюда. Көптеген азаматтар тілдік саясаттың ықпалымен немесе өз еркімен қазақ тілін белсенді түрде меңгеруде. Дегенмен, қазақ тілін төмендеу дәрежеде білетін қазақ азаматтарының сөйлеуінде интерференция көрініс табады. Ол – заңды құбылыс.

Пайданалылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жлуктенко Ю.А. *Лингвистические аспекты двуязычия*. – Киев: Вища школа, 1974. – 176 с.
- 2 NordKuist R. *Definition and Examples of Language Contact. Glossary of Grammatical and Rhetorical Terms. Updated January 20, 2020*. – URL: <https://www.thoughtco.com/what-is-language-contact-4046714>
- 3 Захватаева К.С. *Языковые контакты: базовые понятия и их стратификация // Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И. Герцена, #126, 2010. – 375 с. – гылыми журнал*
- 4 Карлинский А.Е. *Взаимодействие языков: билингвизм и языковые контакты*. – Алматы: КазУМОиМЯ, 2011. – 264 с.
- 5 Bhatia T.K., Ritchie W.C. *The Handbook of Bilingualism*. – Blackwell Publishers, 2004. – 884 p.
- 6 Метлюк А.А. *Взаимодействие просодических систем в речи билингва: учеб. пособие*. – Минск: Высш. шк., 1986. – 112 с.
- 7 Саркисов Э.Э. *Понятие межъязыковой интерференции в парадигме теории языковых контактов: современное состояние вопроса*. – Научная мысль Кавказа, #1, 2019. – 111 с.
- 8 Баграмова Н.В., Соломина А.В. *Роль интерлингвистических и интралингвистических процессов при изучении иностранного языка // Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена, #174, 2015. – 179 с.*
- 9 ҚР Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. 6 қаңтар, 2020. – URL: <https://www.egemen.kz/>
- 10 Следзевский И.В. *Постсоветская Центральная Азия. Потери и обретения*. отв. ред. д.и.н., проф. А.М. Васильев. – М: Вост. лит. РАН, 1998. – 348 с.
- 11 С 2013 года государство планирует общаться с гражданами только на казахском языке, 4 августа, 2011. – https://www.zakon.kz/page,1,1,227355-s-2013-goda_gosudarstvoplaniruet.html#show_comments

References:

- 1 Jluktenko Ju.A. *Lingvisticheskie aspekty dvuiazychia*. – Kiev: Visa skola, 1974. – 176 s.
- 2 NordKuist R. *Definition and Examples of Language Contact. Glossary of Grammatical and Rhetorical Terms. Updated January 20, 2020*. – URL: <https://www.thoughtco.com/what-is-language-contact-4046714>
- 3 Zahvataeva K.S. *Iazykovye kontakty: bazovye ponAtia i ih stratifikasia // Izvestia Rosiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A.I. Gersena, #126, 2010. – 375 s.*
- 4 Karlinski A.E. *Vzaimodeistvie iazykov: bilingvizm i iazykovye kontakty*. – Almaty: KazUMOiMA, 2011. – 264 s.
- 5 Bhatia T.K., Ritchie W.C. *The Handbook of Bilingualism*. – Blackwell Publishers, 2004. – 884 p.
- 6 Metluk A.A. *Vzaimodeistvie prosodicheskikh sistem v rechi bilingva: ucheb. posobie*. – Minsk: Vyss. sk., 1986. – 112 s.
- 7 Sarkisov E.E. *PonAtie mejAzykovoі interferensii v paradigme teorii iazykovyh kontaktov: sovremennoe sostoianie voprosa*. – Nauchnaia mysl Kavkaza, #1, 2019. – 111 s.
- 8 Bagramova N.V., Solomina A.V. *Rol interlingvisticheskikh i intralingvisticheskikh prosesov pri izuchenii inostrannogo iazyka // Izvestia Rosiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A. I. Gersena, #174, 2015. – 179 s.*
- 9 KR Prezidentinin «TAueliszdik bArmen Kymbat» maKalasy. 6 Kantar, 2020. – URL: <https://www.egemen.kz/>
- 10 Sledzevski I.V. *Postsovetskaia Sentralnaia Azia. Poteri i obretenia*. отв. ред. д.и.н., проф. А.М. Васильев. – М: Vost. lit. RAN, 1998. – 348 s.

11 S 2013 goda gosudarstvo planiruet obsAtsA s grajdanami tolko na kazahskom iazyke, 4 avgusta, 2011. – https://www.zakon.kz/page,1,1,227355-s-2013-goda-gosudarstvoplaniruet.html#show_comments – sait

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.15>

Нұрғали С.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Мақалада құрмалас сөйлемнің қалыптасу тарихы мен Отандық ғалымдарымыздың құрмалас сөйлемді теориялық-тәжірибелік жағынан зерттеген еңбектері мен тұжырымдары берілген. Мақаланың ғылыми-теориялық негіздемесі А.Байтұрсынов, С.Аманжолов Н.Т.Сауранбаевтың еңбектеріне негізделіп, сілтеме арқылы дәйектелген. Құрмалас сөйлемдердің қалыптасуы бірнеше ғасырлар нәтижесі екендігі белгілі. Мақалада ұзақ жылдар бойы қалыптасып, дамыған құрмалас сөйлемнің шығу тарихынан бастап, осы күнге дейінгі өзгерістері туралы айтылған. Отандық ғалымдарымыздың құрмалас сөйлем жайлы пікірлерінің ұқсастықтары мен өзгешеліктері қарастырылған. Аталған ғалымдардың ішінде құрмалас сөйлемді зерттеуге аса зор үлес қосқан Н.Т.Сауранбаевтың еңбектеріне көбірек тоқталып, мақала ғалымның тұжырымдамасы негізінде жазылған. Сонымен қатар мақалада құрмалас сөйлемнің даму тарихындағы өзгерістер мен толықтырулардың тіл біліміне әкелген жаңалықтары қарастырылған.

Түйін сөздер: құрмалас сөйлем, тарихи грамматика, тілдік категория, тіл дамуы, салалас және сабақтас құрмалас сөйлем

Nurgali S.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

RESEARCH ON THE HISTORY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF COMPLEX SENTENCES

Abstracts

This article describes the history of the formation of compound sentences and the theoretical and practical works of domestic scientists on compound sentences. The scientific and theoretical substantiation of the article is based on the works of A. Baitursynov, S. Amanzholov, N. T. Sauranbaev. The formation of composite sentences are the result of labor for several centuries. The article describes the changes that have occurred over many years, from the very beginning of the emergence of a compound sentence to the present. The article also examined the similarities and differences of compound sentences in the opinion of our domestic scientists. Among scientists, it is worth noting the work of N. Sauranbaev, who made a great contribution to the study of composite sentences. The article was written based on the concept of a scientist. The article also describes the changes in the history of the compound sentences and considers the changes and additions to the knowledge of the language.

Keywords: compound sentence, historical grammar, language category, language development, compound and complex sentences

Нұрғали С.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СЛОЖНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ

Аннотация

В статье представлены история формирования сложного предложения, труды и выводы отечественных ученых, изученные в теоретико-практическом плане сложного предложения. Научно-теоретическое обоснование статьи на основании трудов А. Байтұрсынова, С. Аманжолова, Н.Т. Сауранбаева изложены ссылки. Известно, что формирование сложноподчиненных предложений является результатом нескольких веков. В статье рассказывается об изменениях, произошедших на протяжении многих лет, начиная с истории возникновения развитого сложного предложения и до настоящего времени. Рассмотрены сходства и особенности мнения наших ученых о сложном предложении. Среди ученых, внесших большой вклад в